

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 19 қаңтар

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі төрт мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заңдар Парламент депутаттарының бастамашы болуымен әзірленді.

Төрт заң бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса бастамашылардың атынан «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен оған ілеспе заңдар

бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Цифрлық технологияларды қолдану әзірге дамудың бастапқы кезеңінде болса да цифрлық активтер индустриясын дамыту алдағы онжылдықтарда дәстүрлі басымдықтарды өзгертеді. Сондықтан осы саланы реттеу тетіктерін алдын ала қарастыру өте маңызды.

Осыған орай «Қазақстан Республикасының цифрлық активтері туралы» Заң және оған ілеспе үш заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Мемлекет басшысының цифрлық майнингті және осындай активтер айналымын құқықтық реттеу мен елімізде криптовалюта экожүйесін құру мәселелерін шешу жөніндегі тапсырмаларын орындау үшін Парламент депутаттары әзірлеген заңдардың бірыңғай жиынтығын құрайды.

Жалпы, құжаттардың пакетімен келесі міндеттер шешіледі.

Бірінші. Ұлттық энергия жүйесін реттелмейтін цифрлық майнингтен қорғау. Ол үшін:

майнерлер пайдалана алатын электр энергиясы көздерінің тізімі реттеледі. Олар жаңартылатын энергияны, импортталған электр қуатын және өз генерациясын пайдалана алады;

цифрлық майнерлерге электр энергиясын жалпы электр жүйесінен тікелей тұтынуға тыйым салынады. Олар тоқ қуатын жалпы энергетикалық жүйеде профицит болған жағдайда ғана және тек қана электр энергиясы мен қуат нарығының қазақстандық оператор биржасы арқылы сатып ала алады. Бұл көлем үшін баға шектеулері алынып тасталады және сауда тек нарықтық тетіктермен жүзеге асырылатын болады.

Екінші. Майнинг саласының және оның өнімінің еліміздің экономикасына қатысуын қамтамасыз ету. Цифрлық майнерлер қызметінің екі түрін лицензиялау енгізілді:

біріншісі – тиісті инфрақұрылымға, яғни деректерді өңдеу орталықтарына иелік ететін цифрлық майнерлер қызметі;

екіншісі – деректер орталықтарында ұяшықтарды жалға алатын және энергия квотасын талап етпейтін жабдық иелері болып табылатын цифрлық майнерлер қызметі.

Сонымен қатар барлық майнерлер аккредиттелген қазақстандық майнингтік пулдар арқылы жұмыс істеуі керек.

Осылайша бұрын ұлттық сервистерде жұмыс істеген және Қазақстан экономикасына ешқандай пайдасы жоқ цифрлық майнерлер енді біздің резиденттеріміз бен салық төлеушілерімізге айналады.

Үшінші. Салықтарды басқарудағы ашық тетіктер келесідей болып келеді. Олар:

цифрлық майнерлердің корпоративтік табыс салығы. Өнімнің сыйақы ретінде алынған кездегі құнын ескере отырып есептеледі;

көрсеткен қызметтері үшін алынған комиссиядан майнинг пулдың корпоративтік табыс салығы;

криптовалютамен операцияларды жүзеге асыру кезінде жеке тұлғалар үшін қосылған құн салығы;

кәсіпкерлік субъектілері ретінде криптобиржалардан алынатын корпоративтік табыс салығы.

Төртінші. Қамтамасыз етілген цифрлық активтердің шығарылуы мен айналымын реттеу.

Мамандандырылған платформаларда қамтамасыз етілген активтерді шығару мен айналымға рұқсат беретін тәртіп енгізілуде. Арнайы шешімді орындау мен тек қамтамасыз етуді растау арқылы оларды шығару тәртібі ұсынылады. Осылайша қолданыстағы заңнамадағы кемшіліктер жойылады. Қамтамасыз етілген активтің ерекшеліктері анықталды. Осы реттеуші тәсілдің арқасында токенизация процедурасы және тұтастай алғанда блокчейн технологиясы жеке шешімдерге қатысты салалық заңдар мен ережелерде қолданылуы мүмкін.

Бесінші. Қаржы жүйесіне теріс әсер ету тәуекелдерінің алдын алуға қатысты.

Қазақстандық қаржы жүйесінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер елде төлем құралы, қаржылық актив және қаржы құралы ретінде танылмайды.

Құрметті әріптестер! Әзірленген заңдар пакеті жаңа инновациялық және серпінді дамып келе жатқан саланы реттейтіндіктен қажет және дер кезінде жасалған. Ұсынылып отырған құқықтық құрылыстың модельдік үлгілері мен аналогтары жоқ.

Заң жобасы бойынша депутаттар, сарапшылар, мемлекеттік органдардың, кәсіптік бірлестіктердің өкілдері бірге жұмыс жасады.

«Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Заң бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Сонымен қатар талқылау барысында бас комитеттің Мәжіліс қабылдаған заңға мынадай өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады. Олар:

цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензиялардың кіші түрлерінің атауларын нақтылау;

цифрлық майнинг қызметін жарнамалауға қатысты нормаларды алып тастау, өйткені олар «Жарнама туралы» Заңда және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте көзделген;

заң нормаларын қолданысқа енгізу мерзімдерін нақтылау.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар салыстырмалы кестеде келтірілген.

Осыған орай комитет Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және оларды жаңа редакцияда көрсете отырып, Мәжіліске қайтаруды ұсынады.

Ілеспе үш заңның тұжырымдамалары бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен бас комитетке ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Соның негізінде:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды Сенат Регламентінің 42-тармағын;

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының

Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды Регламенттің 58-тармағын басшылыққа ала отырып комитет бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Министерству цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, а также Министерству юстиции.

Законом от 25 июня 2020 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования цифровых технологий» в Гражданский кодекс внесена отсылочная норма о том, что понятие и виды цифровых активов, а также особенности оборота цифровых активов определяются законодательством Республики Казахстан, актами Международного финансового центра «Астана».

Разработка и принятие Закона «О цифровых активах» связаны с необходимостью развития норм Гражданского кодекса и более подробного регулирования оборота цифровых активов в республике.

В этой связи у меня вопросы. Какие вопросы, касающиеся оборота цифровых активов, предполагается регламентировать на уровне актов МФЦА? Каково соотношение законодательных актов и актов МФЦА, регламентирующих правовой режим цифровых активов?

Следующий вопрос касается сопутствующего закона, который предусматривает внесение поправок в Кодекс «О браке (супружестве) и семье» и устанавливает широкий круг лиц, освобождаемых от уплаты за услуги государственной регистрации актов гражданского состояния. Однако в заголовке сопутствующего закона данные вопросы не нашли отражения, тогда как Закон «О правовых актах» требует, что заголовок закона должен отражать предмет его регулирования. Поясните, пожалуйста, этот момент. Рақмет.

ТӨРАҒА. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Жамбакин Асқар Серікұлы, жауап беріңіз.

ЖАМБАКИН А.С. Рұқсат етсеңіз екінші сұрақтан бастайын.

Летом были внесены изменения в Закон «Об информатизации», в рамках которого функции были переданы НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан». Поэтому государственная пошлина сейчас исключается, собираемые пошлины будут передаваться напрямую в НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан».

В целом охватывается текущим законопроектом. Считаю, что внесения изменения в заголовок не требуется.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Мұқанова Алма Қайратқызы, екінші сұраққа жауап беріңіз.

МҰҚАНОВА А.Қ. Сұрақтарыңызға рақмет.

В первую очередь, как сегодня было отмечено докладчиком, цифровые активы делятся на обеспеченные и не обеспеченные. Согласно законопроекту на территории Республики Казахстан допускаются только выпуск и оборот обеспеченных цифровых активов. Такое ограничение не распространяется на территорию МФЦА, где допускаются выпуск и оборот не обеспеченных цифровых активов. Соответственно, соотношение актов МФЦА и национального законодательства построено на этом основном принципе.

Далее. В рамках законопроекта предусматривается возможность создания и функционирования на территории МФЦА бирж. Поэтому акты МФЦА и в рамках законопроекта соответствующие компетенции предусмотрены. Могут принимать акты следующего характера.

Первое. Регламентация деятельности бирж, субъектов, порядка.

Второе. Компетенция. Это связано с тем, что биржи и участники бирж могут взаимодействовать с банками второго уровня Республики Казахстан. Данные делаются по согласованию с Национальным Банком. Второй блок актов будет направлен на данные вопросы.

Третье. Предоставление отчетности бирж МФЦА по осуществляемой ими деятельности. Третий блок актов МФЦА будет направлен на данные вопросы. При этом законодательно не ограничено количество актов МФЦА, которые могут приниматься по данным вопросам. Основные компетенции в рамках закона предусмотрены.

Добавлю по второму вопросу касательно исключения государственной пошлины. Данный блок поправок действительно должен был быть предусмотрен в принятом летом прошлого года пакете поправок, направленных на цифровизацию и обеспечение информационной безопасности, так как функции по регистрации актов гражданского состояния были переданы из компетенции местных исполнительных органов в НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан». Но ввиду того, что заседание Республиканской бюджетной комиссии и в целом принятие решения Республиканской бюджетной комиссией запоздало, это нашло отражение в данном законопроекте.

В целом, отвечая на вопросы по информатизации, можно сказать, что заголовок соответствующего законопроекта и точность поправки не требуют соответствующей регламентации со ссылкой на Кодекс «О браке (супружестве) и семье». Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігінің және «Астана» халықаралық қаржы орталығы әкімшілігінің өкілдеріне.

Қаралып отырған заңда цифрлық активтер биржасы «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында жұмыс істейтіні белгіленген. Оның қызметін реттеу «Астана» халықаралық қаржы орталығының актілерінде көзделеді. Биржада жұмыс істейтін жаңа инвестициялық құралдар қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер болып табылады. Осыған байланысты менің сұрақтарым келесідей.

Қазақстанда қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер нарығының жоспарланған көлемінің болжамын айта аласыз ба?

Бұл қазақстандықтардың сұранысына қаншалықты ие болады деп ойлайсыз? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Біржанов Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Сұрақтарыңызға рақмет.

Өзіңіз айтып өткендей, бүгінгі таңда бізде салық салу жүйесі «Астана» халықаралық қаржы орталығының актілеріне байланысты болады. «Астана» халықаралық қаржы орталығының сайтында күнделікті деректер жарияланып отырады. Біз сондықтан салық салу жүйесін күнделікті дерек алу арқылы жүргіземіз. Әділ салық салу жүйесін жүргізу бағытында жасалған бұл шара актілерде көзделген. Ал биржада қолданылатыны туралы менің әріптесім айтып кетеді деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. «Астана» халықаралық қаржы орталығы әкімшілігінің басқарма төрағасының орынбасары Рысмағамбетов Ернұр Бүркітбайұлы, жауап беріңіз.

РЫСМАҒАМБЕТОВ Е.Б. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар, сұрақтарыңызға рақмет.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының экожүйесінде қазіргі таңда сегіз криптобиржа тіркелген. Одан бөлек он тоғыз криптобиржа біздің экожүйемізге тіркелуге ниет білдірген.

Официальной статистики об обороте необеспеченных криптоактивов нет. Но по некоторым оценкам, количество пользователей криптоактивов в Республике Казахстан измеряется от 100 тысяч до 1 миллиона граждан.

Если говорить про общие объемы, то здесь тоже разные оценки, от нескольких миллиардов до нескольких десятков миллиардов. Мы считаем, что данный законопроект позволит все это регулировать. Как сейчас прокомментировали, можно будет все видеть и мониторить. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет.

Мой вопрос к представителям Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности и Международного финансового центра «Астана».

Согласно Закону «О цифровых активах в Республике Казахстан» цифровые активы являются обеспеченными и необеспеченными. К необеспеченным цифровым активам относятся цифровые активы, полученные в информационной системе в виде вознаграждения за участие в поддержании консенсуса в блокчейне и не выражающие чьи-либо денежные обязательства, которыми можно торговать в цифровой форме на бирже цифровых активов. При этом согласно статье 11 рассматриваемого закона необеспеченные цифровые активы не признаются финансовыми инструментами или финансовыми активами, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

В этой связи следующие два вопроса.

1. Что означает «участие в поддержании консенсуса в блокчейне»?
 2. В каких случаях и какими законами предусмотрено, что необеспеченные цифровые активы признаются финансовыми инструментами или финансовыми активами?
- Спасибо.

ТӨРАҒА. Асқар Серікұлы, алдымен сіз жауап беріңіз.

ЖАМБАКИН А.С. Спасибо за вопросы.

По первой части. Блокчейн – это сама по себе технология, обеспечивающая обработку информации через распределенные реестры, распределенную обработку.

Консенсус – это когда поступает запрос для подтверждения валидности той или иной транзакции, участники этой экосистемы (может быть три, десять, может быть несколько сотен серверов) должны консенсусно подтвердить, что эти сведения являются валидными, подтвердить их происхождение и верифицировать саму транзакцию. То есть консенсус между участниками распределенной сети.

По второму вопросу. В рамках законопроекта цифровые активы не признаются финансовыми инструментами, кроме случаев, которые предусмотрены законодательством, а в данном случае это именно МФЦА. Для участников экосистемы МФЦА цифровые активы могут быть финансовыми инструментами.

ТӨРАҒА. Ернұр Бүркітбайұлы, өз тарапыңыздан жауап беріңіз.

РЫСМАҒАМБЕТОВ Е.Б. Толықтыра кетейін.

По необеспеченным активам. В экосистеме МФЦА они признаются финансовыми активами.

У нас существует регуляторный режим, есть свой регулятор – Комитет по регулированию финансовых услуг, который действует в рамках юрисдикции МФЦА. Соответственно, когда необеспеченные активы переходят в юрисдикцию МФЦА, они признаются финансовыми активами. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бекболат Серікбекұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңдарды талқылауға көшейік.

Слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Закон «О цифровых активах в Республике Казахстан» и сопутствующие к нему законы разработаны в рамках деятельности по выпуску и обороту цифровых активов, цифровому майнингу в целях экономического развития и конкурентоспособности нашей страны.

Сегодня данная сфера развивается очень высокими темпами. По неофициальным данным, в международных криптобиржах зарегистрировано более 1 миллиона казахстанских граждан, которые участвуют в торгах криптовалютами.

При этом, как известно, практически все операции с криптовалютой находятся в тени, вне правового поля Казахстана. Так, для обеспечения прозрачности и безопасности рынка криптовалют предлагается обеспечить правовые условия для совершения сделок по купле и продаже криптовалют в рамках площадки Международного финансового центра «Астана».

Цифровой майнинг на сегодняшний день является высокодоходным видом деятельности. Однако в настоящее время казахстанские майнеры объединяют свои мощности в иностранных пулах. В этой связи уполномоченные органы не могут озвучить реальные доходы цифровых майнеров.

В рамках закона предусмотрены нормы, где осуществление цифрового майнинга возможно только в аккредитованных майнинговых пулах. Тем самым аккредитованные цифровые майнинговые пулы позволят полноценно определить реальные доходы казахстанских майнеров и применять в отношении них нормы налогообложения.

Вместе с тем законом также предусматриваются нормы, согласно которым казахстанские майнеры с 2024 года обязуются реализовывать 50 процентов полученных доходов от цифрового майнинга на биржах, которые зарегистрированы на территории МФЦА. С 2025 года этот объем увеличится до 75 процентов. Тем самым данная норма позволит повысить конкурентоспособность бирж МФЦА.

В целом реализация Закона «О цифровых активах в Республике Казахстан» и остальные сопутствующие к нему законы дадут импульс правовому регулированию цифрового майнинга и создадут в Казахстане в целом экосистему по цифровым активам.

Учитывая вышеизложенное, предлагаю поддержать вышеуказанные законы.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Я являюсь одним из разработчиков данного законопроекта, но, к сожалению, в активном обсуждении в комитетах принимала участие моя коллега Смышляева, я был занят другим законом. Таблицу, которую сейчас получил, к сожалению, я не видел. Поэтому у меня серьезные замечания и возражения по той таблице, которую нам сейчас представил комитет. Хотел бы попросить разрешения, чтобы мы сейчас на заседании

рассмотрели эту таблицу и ту аргументацию, которую нам предлагают. Либо я сейчас могу прокомментировать.

ТӨРАҒА. Канатбек Бейсенбекович, Вы о каком законопроекте говорите? У нас есть замечания по всем четырем законопроектам. Предполагается, что все четыре законопроекта будут направлены в Мажилис на доработку. Ваши возражения конкретно по какому закону?

САФИНОВ Қ.Б. По Закону «О цифровых активах в Республике Казахстан».

ТӨРАҒА. По первому?

САФИНОВ Қ.Б. Да.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдауымыз керек.

Алдымен «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша шешім қабылдайық.

Бас комитет заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтаруды ұсынып отыр. Бас комитет бұл мәселені жан-жақты қарады. Басқа комитеттердің мүшелері жұмыс тобының отырыстарына қатысты. Бастамашылардың өкілдері де осы заңды талқылаған кезде қатысты, өз пікірлерін айтты. Тиісті министрліктердің өкілдері де осы заңды талқылаған кезде жұмыс тобында өз пікірлерін білдіріп, бас комитеттің айтып отырған осы ұсыныстарына қарсылықтарын білдірген жоқ.

Сол себепті кестеге төрт түзетуді бас комитет пысықтап, жан-жақты талқылап, біздің қарауымызға ұсынып отыр.

Құрметті әріптестер, осы төрт түзету бойынша басқа ұсыныстарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша салыстырма кестеге бас комитеттің ұсынысымен енгізілген түзетулерді тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясы қабылданды.

Енді Мәжіліс қабылдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған қалған баптар мақұлданды.

Енді заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтару туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заңның жекелеген баптары мақұлданбады және заң олардың жаңа редакциясымен Мәжіліске қайтарылады.

Құрметті әріптестер, енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, енді «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан

Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Заңдар бойынша бір баяндама жасау үшін сөз сенатор Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі ұсынылған заңдар азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын қорғау мақсатында әзірленді және цифрлық активтер саласындағы заңнамалық актілердегі олқылықтарды, коллизиялар мен қайшылықтарды жоюды көздейді.

Құжат:

еліміздегі цифрлық активтер айналымын, оның ішінде цифрлық майнинг пен қамтамасыз етілмеген осындай активтердің биржасын жүзеге асыру жөніндегі қызметті заңнамалық регламенттеуге;

цифрлық активтердің заңсыз айналымының көлеңкесінен шығаруға ықпал етуге;

цифрлық активтерге салық салу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Заңдардың мақсаты қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді өндіру және айналыс салалары үшін заңнамалық негіз құру болып табылады.

Ілеспе заңдар Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Сонымен қатар заңды талқылау барысында бас комитеттің ұсыныстарын ескере отырып келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады.

Бірінші. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес:

заң тақырыбын өзгерту;

қолданыстағы заңнамада көзделген қайталанатын нормаларды алып тастау;

жүзеге асыру үшін цифрлық майнинг бойынша қызметпен айналысуға лицензияның болуы талап етілетін қызметтің кіші түрлерінің атауларын нақтылау;

цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензияны берудің және қайта ресімдеудің ерекше шарттарын және лицензиялық алымды төлеу мерзімдерін айқындау;

жекелеген нормалардың қолданысқа ену мерзімдерін айқындау.

Осыған байланысты комитет Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және аталған баптардың жаңа редакциясын енгізіп, оны Мәжіліске қайтаруды ұсынады.

Екінші. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң бойынша оны қолданысқа енгізу мерзімдеріне қатысты өзгерісті ұсынуға байланысты.

Соның негізінде комитет Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес заңның жекелеген бабын мақұлдамауды және аталған баптың жаңа редакциясын енгізіп, оны Мәжіліске қайтаруды ұсынады.

Үшінші. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін

(Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша:

2023 жылы цифрлық майнингті жүзеге асыруға лицензия алған тұлғалардың лицензиялық алымды төлеу рәсімдерін айқындау;

заң техникасы.

Осыған орай комитет Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және аталған баптардың жаңа редакциясын енгізіп, оны Мәжіліске қайтаруды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Құрметті әріптестер, заңдарды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша шешім қабылдайық.

Бас комитет заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтаруды ұсынып отыр. Кестеге 15 түзету енгізілген. Қарсылықтарыңыз жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясы қабылданды.

Енді Мәжіліс қабылдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған қалған баптар мақұлданды.

Енді заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтару туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заңның жекелеген баптары мақұлданбады және заң олардың жаңа редакциясымен Мәжіліске қайтарылды. Тиісті шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң бойынша шешім қабылдайық.

Бас комитет заңның жекелеген бабын мақұлдамауды және көрсетілген баптың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтаруды ұсынып отыр. Кестеге бір түзету енгізілген. Қарсылықтарыңыз жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетуді бас комитеттің ұсынысымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заңның жекелеген бабының жаңа редакциясы қабылданды.

Енді Мәжіліс қабылдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған қалған баптар мақұлданды.

Енді заңның жекелеген бабын мақұлдамау және көрсетілген баптың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтару туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заңның жекелеген бабы мақұлданбады және заң баптың жаңа редакциясымен Мәжіліске қайтарылды.

Құрметті әріптестер, енді «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша шешім қабылдайық.

Бас комитет заңның жекелеген баптарын мақұлдамауды және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтаруды ұсынып отыр. Кестеге бес түзету енгізілген. Қарсылықтарыңыз жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заңның жекелеген баптарының жаңа редакциясы қабылданды.

Енді Мәжіліс қабылдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс қабылдаған қалған баптар мақұлданды.

Енді заңның жекелеген баптарын мақұлдамау және көрсетілген баптардың жаңа редакциясымен заңды Мәжіліске қайтару туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заңның жекелеген баптары мақұлданбады және заң олардың жаңа редакциясымен Мәжіліске қайтарылады.

Құрметті әріптестер, Мемлекет басшысы цифрлық активтер нарығындағы қатынастарды құқықтық реттеу жөнінде тиісті тапсырма берген болатын. Соған байланысты бір топ Парламент депутатының бастамашы болуымен осы заңдар әзірленді.

Негізгі заңда цифрлық активтер саласындағы қағидаттар мен уәкілетті органдардың құзыреті белгіленеді. Сондай-ақ осы заңмен цифрлық майнинг жөніндегі қызметтің негізі, оны лицензиялау мәселесі және цифрлық активтер биржасының қызметі реттеледі.

Іліспе заңдар арқылы цифрлық активтер саласындағы мемлекеттік бақылау мен салық төлеудің ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленеді.

Цифрлық майнерлердің электр энергиясын тиімді пайдалануын көздейтін ережелер де қамтылған. Бұл ретте Сенат ұсынған түзетулер заңдардың жекелеген ережелерін жетілдіруге бағытталған.

Жалпы, қаралған заңдар цифрлық кеңістікті дамытуға және цифрлық технологияларды мемлекет пен халықтың мүддесін ескере отырып тиімді қолдануға заңнамалық мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма, әріптестер?

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа.

«Сауалға автомобиль жолдарын, тротуарларды, жол өтпелерін, жаяу жүргіншілер және автомобиль көпірлерін салуға және реконструкциялауға, жер жұмыстарының барлық түрлерін өндіруге маманданған Атырау облысының ірі салық төлеушісі «Атырауқұрылыс-АИС» компаниясының өтініші себеп болды.

2022 жылғы 16 желтоқсанда Мемлекеттік сатып алу порталында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алуды қайта ұйымдастыру нәтижесінде әлеуетті өнім жеткізушінің игерген жұмыс тәжірибесі ескерілмейтіні туралы хабарландыру орналастырды.

Қаржы министрлігі шешімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің хаты негізге алынғанына сілтеме жасаған, алайда Әділет министрлігінің түсіндірмесінде талаптар тек құжаттардың мазмұнына ғана қатысты және жұмыс тәжірибесін есепке алу және беру мәселесі туралы айтылмаған. Сондай-ақ Әділет министрлігінің түсіндірмесінде қайта құру нәтижесінде игерген жұмыс тәжірибесін ескеруге тыйым салу туралы нақты көрсетілмеген.

Бұдан басқа Әділет министрлігінің жоғарыда аталған мәселе бойынша түсіндірмесіне сәйкес қосылу және біріктіру кезінде жұмыс тәжірибесі жаңа немесе қосылатын заңды тұлғаға көшеді.

Қайта ұйымдастыру рәсімінен өткен әлеуетті өнім жеткізушінің жұмыс тәжірибесін ескермеу заңды тұлғалардың құқықтарын өрескел бұзу болып табылады. Қосылу, не бірігу жолымен қайта ұйымдастыру кезінде, сондай-ақ қайта құру кезіндегі сияқты қосылатын тұлға қызметінің тоқтатылуына байланысты құқықтық әмбебап мирасқорлықты қамтамасыз етуге бағытталған процесс жүреді. Бұл мұрагер тұлғаға міндеттемелерді орындауға және құқықтарды қайта ұйымдастырылған заңды тұлға пайдалана алатын көлемде пайдалануға мүмкіндік береді, яғни барлық мүліктік және мүліктік емес құқықтар, міндеттер, қызметтер, шарттар және басқалар бір ұйымнан екіншісіне ауысады.

Осы мәселе бойынша бизнес және құзырлы мемлекеттік органдардың өкілдерімен бірігіп екі рет жиналыс өткіздік.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты осы мәселе бойынша республикада сатып алу рәсімдерінің басталуына орай шұғыл шешім қабылдау қажеттілігін ескере отырып:

Қаржы министрлігінің қайта ұйымдастыру нәтижесінде игерген жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды электрондық депозитарийге енгізу туралы әлеуетті өнім жеткізушілердің өтінімдерін қабылдау туралы түсіндірмесінің мемлекеттік сатып алу порталында тоқтатылуы;

бұрын әзірлеген түзетулерді пысықтау мақсатында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы және бизнес өкілдерінің қатысуымен қайта ұйымдастыру кезіндегі жұмыс тәжірибесін реттеуге бағытталған жұмыс тобы құрылуы қажет деп санаймыз.

Сауалдың толық мазмұны жазбаша түрде жолданады.

Құрметпен депутаттар Ғ. Дүйсембаев, С. Лұқпанов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Біздің депутаттық сауалымызға үстіміздегі жылдың 10 қаңтарында Тараз өңіріндегі іссапарымызда облыс әкімшілігі көтерген «Жамбыл облысы тұрғындарының тұрмыстық табысын арттыру» пилоттық жобасының ары қарай қаржыландырылуы себеп болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығы саласындағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді деп атап өтті.

Деректерге сәйкес ауыл шаруашылығы саласының үлесі жалпы ішкі өнімнің 5,5 пайызын ғана құрап отыр, бірқатар азық-түлік өнімдері бойынша импортқа тәуелділік сақталуда, оның көлемі өткен жылы 4 миллиард АҚШ долларынан асқан.

Осы ретте елдің азық-түлік қауіпсіздігі бірінші кезекте отандық агроөнеркәсіп кешенінің дамуымен байланысты.

Қазіргі таңда елімізде 1 миллион 636 мың жеке қосалқы шаруашылық бар. Олар 2021 жылдың соңына қарай жалпы сомасы 2,8 триллион теңгенің өнімін өндіріп, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосты. Алайда жеке қосалқы шаруашылықтардың басым көпшілігі біріктіруді көздейтін көлденең кооперацияға немесе

тігінен интеграцияланған зәкірлік кооперацияға тартылмаған. Шаруашылықтарда қордаланған мәселелер де көп.

Осы ретте 2019 жылдан Жамбыл облысында бастау алған «Жамбыл облысы тұрғындарының тұрмыстық табысын арттыру» пилоттық жобасы өзінің тиімділігін көрсетті.

Жоба – үй іргесіндегі жерлерді тиімді пайдалану және ауылдағы шағын жобаларды қаржыландыру тетіктері арқылы шағын жобаларды қолдау шарасы тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруға бағытталған. Нәтижесінде жеке кәсіпкерлер саны 2 мың 282 адамға артып, 589 жаңа жұмыс орындарының ашылуы есебінен жұмыссыздар саны 194 адамға кеміді. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 1 мың 58 отбасыға немесе 65 пайызға азайды. Сонымен қатар жоба аясында мал басы ұлғайып, ет және сүт өндірісі артқан.

Аталған жобаның тиімділігі мен іске асырылуын зерделеу мақсатында 2021 жылы арнайы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік инспекторы бастаған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ұлттық экономика министрліктерінің және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері бар құрам осы өңірге шығу арқылы талдау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде пилоттық жобаның тиімділігімен халықтың тұрмыс тіршілігі жақсарғандығына көз жеткізіліп, жұмысшы тобының оң қорытындысы берілді.

Осы орайда Жамбыл облысы әкімшілігінің мәліметі мен халықтың әл-ауқатының артуына оң әсері және сұраныстың өте жоғары болуы ескеріліп, пилоттық жобаның аясында қосымша 40 ауылдық округтің 4 мың жобаны жүзеге асыруы үшін 20 миллиард теңге қаражат қажеттілігі туындауда.

Жалпы, пилоттық жоба әлеуметтік-экономикалық тұрғыда өте маңызды және үлкен саяси әлеуметтік әлеуетке ие. Жоба жеке қосалқы шаруашылық кооперациясын дамытуға негізделген.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, 014 «Ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны масштабтау үшін ауыл халқына микрокредиттер беру» бюджеттік бағдарламасы аясында жобаның нақты межелі индикаторларына қол жеткізу мақсатында республикалық бюджеттен 20 миллиард теңге көлемінде қаржы бөлінуіне ықпал етуіңізді сұраймыз.

Құрметпен Парламент Сенатының депутаттары Ә. Нұралиев, Б. Орынбеков».
Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 19 қаңтар

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О цифровых активах в Республике Казахстан», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам цифровых активов, информатизации и судебного администрирования», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет»

(Налоговый кодекс)», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С.....	2
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
АРҒЫНБЕКОВА А.С.	4
ЖАМБАКИН А.С. – Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі, вице-министр цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан	4
МҰҚАНОВА А.Қ. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан	5
АЛДАШЕВ С.Т.	5
БІРЖАНОВ Е.Е. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан	6
РЫСМАҒАМБЕТОВ Е.Б. – «Астана» халықаралық қаржы орталығы әкімшілігі басқармасының төрағасы, председатель правления администрации Международного финансового центра «Астана»	6
ҚАЛТАЕВА Л.М.	6
ЖАМБАКИН А.С.	7
РЫСМАҒАМБЕТОВ Е.Б.	7
КАРПЛЮК С.А.	8
САФИНОВ Қ.Б.	8
ТРУМОВ С.Ө.	10

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер, ақпараттандыру және соттық әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам цифровых активов, информатизации и судебного администрирования» (второе чтение)

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» (второе чтение)

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан

Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)» (второе чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. 12

Депутат Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБАЕВА Г.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 15

Депутат Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУРАЛИЕВА А.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 16

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева